

**Ресми рецензент п.ғ.к. қауым. профессор Елубаева Перизат Келдибаевнанын
«6D011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Бейкутова Арайлым Муратбековнаның «Болашақ журналистердің шетілдiк медиакоммуникативті құзыреттілігін
калыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарын а және/немесе мемлекетті бағдарлама ларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Толығымен сәйкес келеді. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Білім туралы» Заң, «Масс-медиа туралы» Заң, жоғары білімнің мемлекеттік стандарты және масс-медиа саласындағы кәсіби стандарттармен байланыста негізделген. Тақырып болашақ журналистерді кәсіби шетілдiк даярлау, медиакоммуникация, цифрлық ортада ақпаратпен жұмыс істеу және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелеріне бағытталған. Бұл қазіргі жоғары білім, педагогика, медиа және цифрлық коммуникация салаларының даму талаптарына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыстың ғылыми маңыздылығы болашақ журналистердің шетілдiк медиакоммуникативті құзыреттілігін жеке ғылыми-әдістемелік зерттеу нысаны ретінде қарастырумен анықталады. Диссертант ШМҚ ұғымын лингвопрагматикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-аналитикалық және цифрлық субқұзыреттіліктердің бірлігі ретінде сипаттайды. Ғылыми жаңалық ретінде Болашақ журналистердің «шетілдiк медиакоммуникативті құзыреттілік» ұғымы медиа ортада әртүрлі медиамәтіндерді қабылдау, талдау, интерпретациялау, өндіру және кәсіби әрекеттесуді жүзеге асыру дайындығына

		бағытталған лингвопрагматикалық, элеуметтік-мәдени, ақпараттық-аналитикалық және цифрлық субқұзыреттіліктер бірлігінен тұратын кешенді құрылым ретінде теориялық тұрғыдан нақтыланды. Сонымен қатар, ШМҚ қалыптастыру мазмұны мен тәсілдерінің (студентке бағытталған, құзыреттілік, жүйелік іс-әрекеттік), лингводидактикалық шарттары және жаттығулар жүйесі ұсынылған. Бұл нәтижелер шеттілдік білім беру әдістемесі мен кәсіби журналистік даярлықтың тоғысында ғылыми мәнге ие.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Диссертация мәтіні құрылымдық тұрғыдан бірізді, ғылыми аппарат, тараулар мазмұны, модель, эксперимент және қорытынды өзара байланысты берілген. Авторлық үлес жарияланымдар тізімінде де көрсетілген: Scopus базасындағы 1 мақала, Комитет ұсынған басылымдардағы 4 мақала және конференция материалдарындағы 11 жарияланым көрсетілген. Бұл диссертациялық зерттеу нәтижелерінің апробациядан өткенін көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>Диссертацияның өзектілігі жеткілікті деңгейде негізделген. Диссертант қазіргі медиа кеңістіктің қарқынды дамуы, ақпарат көздерінің көбеюі, журналистің ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу, интерпретациялау және түрлі аудиторияға бейімдеп ұсыну қабілетіне қойылатын талаптардың артуы негізінде зерттеу тақырыбының маңызын ашады. Сонымен қатар жұмыста Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Масс-медиа туралы» Заңы, жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, масс-медиа саласындағы кәсіби стандарттар сияқты нормативтік құжаттарға сүйеніп, болашақ журналистердің кәсіби даярлығында шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігі дәлелденген.</p> <p>Диссертант зерттеудің өзектілігін тек жалпы сипатта емес, нақты қарама-қайшылықтар арқылы көрсетеді: медиа саласына кәсіби даярлығы жоғары журналистердің қажеттілігі мен ЖОО-да бұл бағыттағы жүйелі жұмыстың жеткіліксіздігі; медианың шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудағы әлеуеті мен оның оқу үдерісінде толық пайдаланылмауы; кәсіби бағдарланған медиакоммуникативті жаттығулар жүйесінің жеткіліксіздігі. Осы қарама-қайшылықтар диссертация тақырыбын тандаудың негізі ретінде берілген.</p>
		<p>Диссертация мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Жұмыстың құрылымы зерттеу логикасына сәйкес құрылған: бірінші тарауда болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері, ұғымдық аппараты, құрылымы және оқыту технологияларының</p>

	<p>2) жартылай айкындайды; 3) айкындамайды</p>	<p>мүмкіндіктері қарастырылған; екінші тарауда аталған құзыреттілікті қалыптастыру моделі, лингводидактикалық шарттары және жаттығулар жүйесі ұсынылған; үшінші тарауда әзірленген әдістеменің тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жұмысы арқылы тексерілген. Осылайша, диссертация мазмұны тақырыптағы негізгі компоненттерді, ғылыми-теориялық негіздерді, әдістемелік модельді, жаттығулар жүйесін және эксперименттік дәлелдеуді қамтиды. Бұл жұмыстың атауы мен ішкі мазмұны арасында сәйкестік бар екенін көрсетеді.</p>
<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің мақсаты диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертация мақсаты – болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау, оның моделі мен әдістемесін жасау және тиімділігін тәжірибелік тұрғыда тексеру. Бұл мақсат диссертация тақырыбындағы «ғылыми-әдістемелік негіздер» ұғымымен тікелей байланысты.</p> <p>Міндеттер де мақсатпен үйлесімді құрылған: ШМҚ ұғымының мәні мен құрылымын ашу; қалыптастыру моделін жасау; лингводидактикалық шарттарды анықтау; заманауи оқыту технологияларына негізделген жаттығулар жүйесін даярлау; ұсынылған әдістеменің тиімділігін тәжірибелі-эксперимент арқылы тексеру. Міндеттердің осындай жүйеленуі зерттеу логикасының сақталғанын және диссертация тақырыбының толық ашылуына бағытталғанын көрсетеді.</p>	
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертация бөлімдері өзара логикалық байланысқан. Бірінші тарауда зерттеудің теориялық негізі жасалып, болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігі ғылыми ұғым ретінде сипатталады. Екінші тарауда осы теориялық негізге сүйене отырып, құзыреттілікті қалыптастыру моделі, лингводидактикалық шарттар және жаттығулар жүйесі ұсынылады. Үшінші тарауда аталған модель мен әдістеменің тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жұмысы арқылы тексеріледі.</p> <p>Бөлімдер арасындағы байланыс «теориялық негіздеу – әдістемелік модельдеу – тәжірибелік тексеру – қорытындылау» логикасы бойынша құрылған. Бұл диссертацияның ішкі бірлігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зерттеу кезеңдері де осы логикаға сәйкес берілген: бірінші кезеңде ғылыми апарат пен теориялық база анықталған, екінші кезеңде модель мен жаттығулар жүйесі жасалған, үшінші кезеңде тәжірибелік-эксперимент жұмысы ұйымдастырылып, нәтижелері қорытындыланған.</p>	

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер, қағидағтар мен әдістер диссертацияда дәлелденіп, бұрыннан белгілі ғылыми-әдістемелік шешімдермен салыстырылып бағаланған. Жұмыста болашақ журналистердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар нормативтік құжаттар, кәсіби стандарттар және жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары негізінде талданады. Осы талдау арқылы диссертант жалпы шетілдік коммуникативтік даярлықтың болашақ журналистердің кәсіби медиакоммуникативтік әрекетіне толық жауап бере бермейтінін көрсетеді.</p> <p>Сыни талдау әсіресе оқыту технологияларын іріктеу барысында байқалады. Диссертант Inquiry-Based Learning, Problem-Based Learning, Project-Based Learning және Collaborative Learning технологияларының қолдану мақсатын, артықшылықтары мен шектеулерін қарастырып, олардың ішінен ШМК қалыптастыруға тиімділерін саралайды. Соның негізінде Project-Based Learning зерттеудің жетекші технологиясы ретінде таңдалады, ал қалған технологиялар медиамәтінді талдау, ақпаратты өңдеу, кәсіби коммуникация және цифрлық медиаөнім жасау міндеттерімен байланыста қолданылатыны көрсетілген.</p> <p>Осылайша, Бейкутованың ұсынған моделі, лингводидактикалық шарттары және жаттығулар жүйесі дайын теорияларды механикалық түрде қайталамайды. Олар бұрыннан белгілі тәсілдер мен технологияларды болашақ журналистердің кәсіби шетілдік медиакоммуникативті даярлығы тұрғысынан қайта бағалау, іріктеу және жүйелеу нәтижесінде ұсынылған.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған қағидағтар толығымен жаңа деп бағалауға болады. Диссертацияда болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативті құзыреттілігі дербес ғылыми-әдістемелік мәселе ретінде қарастырылып, оның мазмұны мен құрылымы нақты кәсіби даярлық контекстінде жүйеленген. Диссертант ШМК-ны лингвопрагматикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-аналитикалық және цифрлық субқұзыреттіліктердің бірлігі ретінде негіздейді.</p> <p>Қорғауға ұсынылған қағидағтар да зерттеу тақырыбына тікелей қапысты жаңа ғылыми нәтижелерді көрсетеді: ШМК-ның құрылымдық мазмұны, оны қалыптастыру моделі, лингводидактикалық шарттар жүйесі және арнайы жаттығулар жүйесі авторлық ғылыми-әдістемелік шешім ретінде ұсынылған. Бұл қағидағтар болашақ журналистерге шетел тілін оқытуды медиакоммуникативті және кәсіби бағытта ұйымдастыруға арналған тұтас жүйені құрайды.</p>	

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады, себебі олар зерттеу барысында алынған нақты теориялық, әдістемелік және эксперименттік нәтижелерді жинақтайды. Қорытындыларда болашақ журналистерге шетел тілін оқыту үдерісінде медиамәтіндерді кәсіби-коммуникативтік оқу бірлігі ретінде қолданудың тиімділігі дәлелденеді. Бұл қорытынды журналистика мамандығы студенттерінің кәсіби даярлығын тек тілдік біліммен шектемей, ақпаратты іздеу, талдау, бейімдеу, интерпретациялау және медиаөнім жасау әрекеттерімен байланыстыру қажеттігін көрсетеді.</p> <p>Қорытындылардың жаңалығы, ең алдымен, ұсынылған әдістеменің тәжірибелі-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріліп, оның нәтижесінде студенттердің шеттілдік медиакommunikativті құзыреттілік деңгейінің оң өзгерісі анықталуымен сипатталады. Диссертант қорытындысында медиакommunikativті жаттығуларды кезең-кезеңімен енгізу, кәсіби медиамәтіндермен жұмыс жүргізу және цифрлық құралдарды мақсатты қолдану болашақ журналистердің кәсіби шеттілдік даярлығын сапалы жетілдіруге мүмкіндік беретінін негіздейді.</p> <p>Осы тұрғыдан алғанда, диссертация қорытындылары бұрыннан белгілі теориялық пікірлерді қайталау емес, нақты эксперименттік деректерге сүйенген және болашақ журналистердің кәсіби шеттілдік медиакommunikativті даярлығын ұйымдастыруға қатысты жаңа ғылыми-әдістемелік тұжырымдар болып табылады.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>
	<p>Рецензияланған диссертация гуманитарлық пәндер бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдеріне байланысты бұл жерде жұмысты бағалаудың осы критерийлері қолданылмайды.</p> <p>Диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген деп бағаланады. Бейкутова А. қорытындыларды тек теориялық пайымдауларға емес, бірнеше дереккезге сүйене отырып шығарады: нормативтік құжаттарды талдау, ғылыми әдебиеттерді жүйелеу, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын салыстыру, болашақ журналистердің даярлық деңгейін диагностикалау және тәжірибелі-эксперименттік жұмыс нәтижелері.</p>	

	<p>Қорытындылардың негізділігі, ең алдымен, зерттеу нәтижелерінің нақты өлшемдер арқылы тексерілуімен көрінеді. Диссертацияда ШМҚ-ны бағалау лингвопрагматикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-аналитикалық және цифрлық субқұзыреттіліктер бойынша жүргізілген. Әр субқұзыреттілікке балдық көрсеткіштер беріліп, жалпы нәтиже төмен, орташа және жоғары деңгейлер арқылы сипатталған. Бағалау шкаласы 100 балдық жүйеге негізделіп, төмен деңгей 0–49, орташа деңгей 50–79, жоғары деңгей 80–100 балл аралығында анықталған. Тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері де қорытындыларды дәлелдеуге мүмкіндік береді. Экспериментке бақылау және эксперименттік топтар қатысып, бастапқы және қорытынды көрсеткіштер салыстырылған. Эксперимент соңында ШМҚ бойынша жоғары деңгейдің 17,15%-дан 25,48%-ға, орташа деңгейдің 31,87%-дан 43,6%-ға өскені, ал төмен деңгейдің 50,99%-дан 30,87%-ға төмендегені көрсетілген. Бұл деректер ұсынылған әдістеменің тиімділігін негіздеуге жеткілікті дәлел береді. Сонымен қатар қорытындылар педагогикалық зерттеу логикасына сәйкес жасалған: алдымен бастапқы жағдай анықталған, кейін арнайы әдістеме енгізілген, сонында нәтижелер салыстырылып талданған. Сондықтан диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми және тәжірибелік деректермен дәлелденген деп бағаланады.</p>
7.	<p>Бірінші қағидат: Болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативті құзыреттілігі медиа ортада медиамәтінді қабылдау, талдау, интерпретациялау, өндіру және кәсіби әрекеттесу дайындығын сипаттайтын кешенді құрылым ретінде ұсынылады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді Бұл қағидат диссертацияда ұғымдық, құрылымдық және бағалау тұрғысынан дәлелденген. Диссертант ШМҚ-ны тек тілдік қабілет ретінде емес, журналистің кәсіби медиа әрекетіне қажетті кешенді дайындық ретінде сипаттайды.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ Қағидат тривиалды емес, себебі онда шетел тілін меңгеру медиамәтінмен жұмыс, аудиторияны ескеру, мәдениетаралық коммуникация және цифрлық ортадағы кәсіби әрекетпен байланыстырылған.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p> <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;</p>

<p>3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Қағидаат жаңа, өйткені ШМҚ болашақ журналистердің кәсіби даярлығы аясында дербес құзыреттілік ретінде құрылымдалған.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең Қолдану деңгейі кең, себебі бұл қағидаатты журналистика студенттерін даярлаумен қатар, кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту, медиабілім және коммуникациялық мамандықтарда қолдануға болады.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә Қағидаат диссертация тақырыбы бойынша жарияланған «Журналистің медиа коммуникативтік құзыреттіліктерінің жіктелімі» және (2) Formation of media and foreign-language communication competence of students-journalists» атты мақалаларында көрініс тапқан. Аталған жарияланымдарда болашақ журналистердің медиакоммуникативтік және шеттілдік даярлығының құзыреттілік негіздері қарастырылған.</p> <p>Екінші қағидаат: Болашақ журналистердің ШМҚ қалыптастыру моделі мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық, процессуалдық, бағалау және нәтижелік бөліктерден тұратын жүйе ретінде ұсынылады.</p> <p>7.1 Қағидаат дәлелденді ме? 1) дәлелденді Қағидаат модельдің ішкі құрылымы арқылы дәлелденген. Диссертант әр бөліктің қызметін нақтылап, олардың оқу үдерісіндегі рөлін көрсетеді: мақсат күтілетін нәтижемен, мазмұн кәсіби медиаментіндермен, процесс оқыту технологияларымен, бағалау деңгейлік көрсеткіштермен байланыстырылған.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ Қағидаат тривиалды емес, себебі модель жалпы педагогикалық схема ретінде ғана емес, болашақ журналистердің кәсіби шеттілдік медиа әрекетін қалыптастыруға бейімделген жүйе ретінде берілген.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә</p>
--	--

<p>Жаңалығы модельдің кәсіби журналистік қызмет ерекшеліктерін, шетілдік білім мазмұнын және медиакоммуникативті әрекетті бір құрылымға біріктіруінен көрінеді.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) жоғары</p> <p>Қолдану деңгейі жоғары, себебі модель нақты бір даярлық бағытына – журналистика мамандығы студенттеріне арналған. Дегенмен оны басқа гуманитарлық және коммуникациялық бағыттарға бейімдеу мүмкіндігі бар.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә</p> <p>Модельдің негізгі идеялары диссертанттың «The media technologies as a tool for the formation of foreign language mediacommunicative competence of a bachelor’s degree journalist» және «The Synergy of Media and Language Literacy to Foster Kazakh Students’ Critical Thinking and Communication //International Journal of Media and Information Literacy» мақалаларында негізделген. Бұл жарияланымдарда медиасауаттылық, шетілдік коммуникация, зерттеу дағдылары және ақпаратты сыни талдау мәселелері қарастырылған.</p> <p>Үшінші қағидат:</p> <p>ШМК қалыптастыру лингводидактикалық шарттардың өзара байланыстағы жиынтығы арқылы жүзеге асады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді</p> <p>Қағидат диссертацияда оқу үдерісін ұйымдастыру шарттары арқылы дәлелденген. Диссертант интерактивті өзара әрекеттесу, кәсіби қызметке бағдарлау, цифрлық құралдарды оңтайландыру және бағалау арқылы мотивациялау сияқты шарттарды бөліп көрсетеді. Бұл шарттар тәжірибелі-эксперимент жұмысында қолданылған.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>Қағидат тривиалды емес, себебі лингводидактикалық шарттар жеке-жеке емес, біртұтас педагогикалық орта құруға бағытталған. Мұнда тілдік оқыту, кәсіби медиа әрекет және цифрлық коммуникация бір-бірімен байланыста қарастырылады.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә</p>	
--	--

Қағидат жаңа, өйткені шарттар болашақ журналистердің нақты кәсіби міндеттеріне бейімделген: ақпаратпен жұмыс істеу, медиамәтінді бейімдеу, аудиториямен байланыс орнату және цифрлық кеңістікте медиаөнім ұсыну.

7.4 Қолдану деңгейі:

2) жоғары

Қолдану деңгейі жоғары, себебі ұсынылған шарттар негізінен журналистика мамандығы бойынша шетел тілін оқытуға бағытталған. Сонымен қатар, оларды кәсіби бағытталған тілдік білім беру тәжірибесінде басқа да мамандықтарды даярлауда кеңейтіп қолдануға болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) иә

Бұл қағидат «Research skills within the frame of media and foreign language communication competence of students-journalists» және «The Synergy of Media and Language Literacy to Foster Kazakh Students' Critical Thinking and Communication» мақалаларында негізделген. Бұл жарияланымдарда медиасауаттылық, шеттілдік коммуникация, зерттеу дағдылары және ақпаратты сыни талдау мәселелері қарастырылған.

Төртінші қағидат:

Арнайы ұсынылған жаттығулар жүйесі ШМК қалыптастыру әдістемесінің өзегі ретінде қарастырылады.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

1) дәлелденді

Бұл қағидат тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген. Жаттығулар жүйесі диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдерде қолданылып, студенттердің медиамәтінмен жұмыс істеу, ақпаратты талдау, цифрлық форматта ұсыну және кәсіби коммуникация құру дағдыларының дамуына бағытталған.

7.2 Тривиалды ма?

2) жоқ

Қағидат тривиалды емес, себебі жаттығулар жүйесі дәстүрлі тілдік тапсырмалармен шектелмейді. Ол болашақ журналистің кәсіби әрекетіне жақындатылған тапсырмаларды қамтиды: медиаматериал дайындау, ақпаратты мақсатты аудиторияға бейімдеу, медиаөнім жасау, цифрлық портфолио құру.

7.3 Жаңа ма?

			<p>1) иә Жаңалығы жаттығулардың кәсіби медиакоммуникативті мақсатқа бағындырылуында. Яғни жаттығулар тек грамматикалық немесе лексикалық білімді бекіту үшін емес, журналистің шеттілдік медиа әрекетін қалыптастыру үшін жасалған. 7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) жоғары Қолдану деңгейі жоғары. Ұсынылған жүйе журналистика студенттеріне арналғанмен, оның кейбір элементтерін PR, халықаралық қатынастар, аударма ісі, филология және коммуникация бағыттарындағы кәсіби шетел тілі сабақтарында қолдануға болады. 7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә Бұл қағидат «The media technologies as a tool for the formation of foreign language mediacomunicative competence of a bachelor's degree journalist» және «Research skills within the frame of media and foreign language communication competence of students-journalists» мақалаларында дәлелденген. Аталған мақалалар жаттығулар жүйесінің кәсіби медиамәтіндермен, зерттеу әрекетімен және цифрлық құралдармен байланысын негіздеуге мүмкіндік береді.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөзде р мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә ; 2) жоқ	<p>Әдістеменің таңдауы негізделген және зерттеу әдіснамасы жеткілікті түрде нақты жазылған. Диссертацияда зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері ажыратылып көрсетілген: ғылыми әдебиеттерге талдау, салыстырмалы талдау, жинақтау, жүйелеу, модельдеу, педагогикалық бақылау, сауалнама, сұхбат, тестілеу, педагогикалық эксперимент, сандық және сапалық өңдеу әдістері қолданылған.</p> <p>Әдіснамалық негіз ретінде құзыреттілік тәсілі, студентке бағытталған тәсіл және жүйелік-іс-әрекеттік тәсіл алынған. Бұл тәсілдер зерттеу пәніне сәйкес келеді, себебі диссертация болашақ журналистердің нақты кәсіби әрекетке бағытталған шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған. Зерттеу әдістері мен әдіснамалық негіздері кіріспеде берілген.</p> <p>Диссертация нәтижелері қазіргі заманғы әдістерді және деректерді өңдеу мен интерпретациялау тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Жұмыста студенттердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін бағалау үшін нақты критерийлер, дескрипторлар және деңгейлік көрсеткіштер ұсынылған. Бағалау 100 балдық жүйе</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі	

	<p>заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	<p>арқылы жүргізіліп, нәтижелер төмен, орташа және жоғары деңгейлер бойынша интерпретацияланған.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу мазмұнында цифрлық субқұзыреттілік арнайы компонент ретінде қарастырылған. Студенттердің кәсіби цифрлық құралдарды пайдалану, медиаматериалдарды мәтін, аудио, видео және графика форматында құрастыру, өңдеу және тарату қабілеті бағалау жүйесіне енгізілген. Бұл диссертацияда компьютерлік және цифрлық технологиялардың тек көмекші құрал ретінде емес, зерттелетін құзыреттіліктің маңызды бөлігі ретінде қарастырылғанын көрсетеді. Деректерді өңдеу негізінен пайыздық көрсеткіштер мен деңгейлік салыстыру арқылы берілген. Күрделі математикалық-статистикалық әдістер кен қолданылмағанымен, педагогикалық зерттеу мақсатына сәйкес сандық және сапалық интерпретация жеткілікті деңгейде ұсынылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар мен ұсынылған модель тәжірибелі-эксперименттік зерттеу арқылы расталған. Диссертацияда алдымен ШМҚ-ның құрылымы мен оны қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыда негізделеді, кейін осы негізде тәжірибелік жұмыс ұйымдастырылады. Эксперимент диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды кезеңдер арқылы жүргізілген.</p> <p>Эксперимент барысында бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері салыстырылып, студенттердің ШМҚ қалыптасу деңгейі субқұзыреттіліктер бойынша бағаланған. Кіріс және қорытынды нәтижелердің салыстырылуы ұсынылған әдістеменің тиімділігін көрсетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, эксперименттік топта жоғары және орта деңгей көрсеткіштерінің өсуі, төмен деңгей көрсеткішінің азаюы теориялық модель мен жаттығулар жүйесінің тәжірибеде нәтижелі қолданылғанын дәлелдейді.</p> <p>Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер негізінен нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құжаттарға және кәсіби стандарттарға сүйеніп расталған. Теориялық бөлімде құзыреттілік тәсілі, шетілдік білім беру, медиабілім, медиакommunikация және оқыту технологиялары бойынша отандық және шетелдік авторлардың еңбектері пайдаланылған.</p> <p>Диссертант зерттеу тақырыбын негіздеу барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Масс-медиа туралы» Заңы, жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және масс-медиа саласындағы кәсіби</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок 	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	

			<p>стандарттарға сүйенеді. Бұл диссертациядағы негізгі мәлімдемелердің нормативтік және ғылыми негізін күшейтеді.</p> <p>Сонымен қатар Бейкутованың өз зерттеу нәтижелері 1 Scopus макаласында, Комитет ұсынған басылымдардағы 4 мақалада және 11 конференциялық жарияланымда апробацияланған. Бұл да ұсынылған ғылыми тұжырымдардың дәйектілігін растайды.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп бағаланады. Әдебиеттер базасы зерттеу тақырыбының негізгі бағыттарын қамтиды: шеттілдік білім беру, құзыреттілік тәсілі, кәсіби бағытталған оқыту, медиабілім, медиасауаттылық, медиакоммуникация, цифрлық технологиялар және педагогикалық эксперимент мәселелері.</p> <p>Әдебиеттер тізімінің мазмұны диссертацияның теориялық негізін құруға, ШМҚ ұғымын нақтылауға, модель мен әдістемені негіздеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар нормативтік құжаттардың енгізілуі зерттеудің кәсіби және институционалдық контекстін дәлелдеуге көмектеседі. Осыған байланысты әдебиеттер тізімі диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге жеткілікті.</p>
9	Практикалық құндылық принципін	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жок	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Бейкутова А. болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігі ұғымын теориялық тұрғыдан нақтылап, оны медиа ортада кәсіби әрекет жасауға қажетті кешенді құрылым ретінде сипаттайды. Бұл ұғым тек шетел тілін меңгеру қабілетімен шектелмей, медиамагнәтінді қабылдау, талдау, интерпретациялау, өндіру және кәсіби қарым-қатынасқа түсу әрекеттерімен байланыста ашылады.</p> <p>Теориялық маңыздылығы сондай-ақ шеттілдік білім беру үдерісін болашақ журналистердің кәсіби қызметімен байланыстырып қарастыруынан көрінеді. Диссертацияда ШМҚ қалыптастыру әдістемесі нормативтік талаптар, кәсіби даярлық ерекшеліктері және субқұзыреттіліктер жүйесі негізінде сипатталады. Осы тұрғыдан жұмыс шеттілдік кәсіби білім беру теориясын медиакоммуникативті даярлық бағытымен толықтырады.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ;	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді оқу үдерісінде қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыста болашақ журналистердің кәсіби даярлық талаптарына сәйкестендірілген жаттығулар жүйесі жасалған. Бұл жүйе студенттердің шетел тіліндегі медиамагнәтіндермен жұмыс істеуіне, ақпаратты кәсіби мақсатта талдауына, бейімдеуіне және медиаөнім түрінде ұсынуына бағытталған.</p>

		2) жоқ	<p>Практикалық маңыздылықтың нақты көрінісі ретінде ШМК-ны бағалауға арналған деңгейлік критерийлер мен дескрипторлар жүйесін атауға болады. Олар студенттердің оқу нәтижелерін диагностикалау, мониторинг жүргізу және қалыптау деңгейін анықтау үшін қолдануға ұсынылған. Сонымен қатар модель мен лингводидактикалық шарттар тәжірибелі-эксперимент жұмысында сынақтан өткізіліп, болашақ журналистерді шеттілдік оқытуда әдістемелік ұсынымдар мен оқу-әдістемелік материалдар дайындауға негіз бола алатыны көрсетілген.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деп бағалауға болады, себебі олар болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арнайы бағытталған. Ұсынылған жаттығулар жүйесі жалпы шетел тілі тапсырмаларын кайталамайды, керісінше журналистің кәсіби әрекетіне жақындатылған медиакоммуникативті тапсырмаларға негізделеді.</p> <p>Практикалық ұсыныстардың жаңалығы олардың кәсіби медиамәтіндермен, цифрлық құралдармен және медиаөнім жасау әрекетімен байланысында көрінеді. Студенттер тек тілдік материалды меңгеріп қоймай, ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау, аудиторияға бейімдеу және оны түрлі медиа форматта ұсыну әрекеттерін орындайды. Сондықтан бұл ұсыныстар болашақ журналистерге арналған шеттілдік білім беру үдерісін кәсіби медиакоммуникативті бағытта ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жаңа практикалық нәтиже ретінде бағаланады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, негізгі ұғымдар мен нәтижелер бірізді берілген. Жекелеген тілдік және техникалық түзетулер қажет болғанымен, олар диссертацияның жалпы ғылыми деңгейіне елеулі әсер етпейді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер	<p>А.М. Бейкутованың диссертациялық зерттеуі бойынша келесідей ескертулер жасалады:</p> <p>Біріншіден, 2.1-бөлімде ұсынылған модельдің кейбір компоненттері қосымша нақтылауды қажет етеді. Атап айтқанда, 73-бетте берілген «Форма» ұғымының мазмұны анықталмаған – оның оқу үдерісіндегі ұйымдастыру формасы, әдістемелік форма немесе модель компоненті ретіндегі қызметі нақты көрсетілуі тиіс.</p> <p>Екіншіден, кейбір теориялық ұғымдар мен әдістемелік компоненттер кесте түрінде беріліп, негізгі мәтінде жеткілікті түсіндірілмеген (мысалы, Кесте 8,9). Әсіресе шетел тілінде берілген оқыту технологиялары мен жекелеген концепттердің қазақ тіліндегі мазмұндық түсіндірмесін күшейту қажет.</p> <p>Үшіншіден, әдебиеттерге шолу бөлімінде ағылшын тіліндегі мәтіндер кездеседі. Диссертация қазақ тілінде жазылғандықтан, мұндай мәтіндерге қазақ тілінде қысқаша түсіндірме немесе мазмұндық аударма беру қажет.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, негізгі ұғымдар мен нәтижелер бірізді берілген. Жекелеген тілдік және техникалық түзетулер қажет болғанымен, олар диссертацияның жалпы ғылыми деңгейіне елеулі әсер етпейді.</p>

	<p>Төртіншіден, ғалымдардың аты-жөнін рәсімдеуде бірзділік сақталуы қажет. Кейбір авторлар біресе кириллицамен, біресе латын қарпімен берілген (мысалы, Potter/Поттер, Ваган/Вэрэн). Сондықтан ғылыми мәтін мен әдебиеттер тізімінде авторлар аты-жөнінің жазылуын бір форматқа келтіру ұсынылады.</p> <p>Бесіншіден, постэксперименттік нәтижелерді талдау тереңдетуді қажет етеді. 3.3-бөлімде нәтижелер негізінен пайыздық көрсеткіштер арқылы сипатталған. Алайда әр субқұзыреттілік бойынша өзгерістердің себептері, бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтардың әдістемелік түсіндірмесі, сондай-ақ қолданылған талсырмалардың нақты әсері толық ашылса, эксперименттік бөлімнің дәлелділігі арта түсер еді.</p> <p>Алтыншыдан, диссертация мәтінінде стилистикалық қателер кездеседі. Мысалы, «... 50 жыл ұйқыда тәуелсіз ...», «... құжаттаға үңіліп анықтағанымыз ...» (37 б.) деген тіркестер ғылыми мәтін стиліне сәйкес келмейді. Сонымен қатар зерттеу жұмысында жекелеген грамматикалық қателер, мысалы «бағалау-нәтижелілік» сияқты сөздердің жазылуындағы дәлсіздіктер, сондай-ақ пунктуациялық қателер, оның ішінде дефис пен сызықшаның дұрыс қойылмауы байқалады. Аталған ескертулер диссертацияның жалпы ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді. Олар жұмысты редакциялық, әдістемелік және рәсімдеу тұрғысынан жетілдіруге бағытталған.</p>
12	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады. Жарияланымдар диссертацияның негізгі бағытымен тікелей байланысты және болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін әртүрлі қырынан ашады: медиа сауаттылық пен тілдік сауаттылықтың байланысы, студент-журналистердің медиакоммуникативтік құзыреттілігі, медиатеологияларды қолдану, зерттеу дағдылары және кәсіби шетілдік даярлық мәселелері.</p> <p>Диссертацияда докторанттың зерттеу нәтижелері I Scopus мақаласында, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы 4 мақалада және отандық әрі шетелдік конференциялардағы 11 жарияланымда апробацияланғаны көрсетілген. Бұл жарияланымдар зерттеу нәтижелерінің ғылыми ортада талқыланғанын және диссертация тақырыбы бойынша жүйелі жұмыс жүргізілгенін дәлелдейді.</p> <p>Мақалалардың мазмұны диссертациядағы негізгі ғылыми нәтижелермен сәйкес келеді. Атап айтқанда, “The Synergy of Media and Language Literacy to Foster Kazakh Students’ Critical Thinking and Communication”, “Research skills within the frame of media and foreign language communication competence of students-journalists”, “The media technologies as a tool for the formation of foreign language mediacommunicative competence of a bachelor’s degree journalist”, “Журналистің медиа коммуникативтік құзыреттіліктерінің жіктелімі” және “Formation of media and foreign-language communication competence of students-journalists” атты мақалалар диссертацияның теориялық және әдістемелік тұжырымдарын нақтылайды. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
13	<p>Қорытынды</p> <p>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «BD011900-Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бейкутова Арайлым Мураббековнаның «Болашақ журналистердің шетілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан</p>

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, диссертациялық жұмысты қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға болады деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**Әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауым. профессор
(қолы)**



П.К. Елубаева

